

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 94 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 534 -қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін  
«Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің мақсаты: білім алушыларда нақты өмірлік жағдайларда көмектесетін қол жетімді (вербальды емес және вербалды) қарым-қатынас құралдарын, оқу мен жазудың қарапайым дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқу пәнінің негізгі міндеттері:

1) қаратылып айтылған сөйлеу тілін түсіну дағдыларын дамыту және жетілдіру;

2) қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың өз бетінше сөйлеу тілін дамыту және жетілдіру;

4) оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын дамыту;

5) сөйлеу белсенділігіне итермелеуші оқу және жазуға үйрету процесімен байланысты жағымды көңіл-күйді қалыптастыру;

б) өмірлік жағдайларда қарапайым оқу мен жазудан алған білім мен дағдыларын қолдануға үйрету.

### 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарламада білім беру процесін ұйымдастыруға арнайы педагогикалық тәсілдердің сипаттамалары бар оқу - нормативті құжаттардың дәстүрлі қызметтері үйлесімділік табады.

5. Білім берудің классикалық негіздері ретіндегі құндылықтық-бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарланған, қарым-қатынас тәсілдері Бағдарламаның жаңа құрылымында көрініс тапқан оқыту мақсаты және білім беру процесінің нәтижелері жүйесінің басымдылығын күшейту үшін қолданылған.

6. Қазіргі кезеңдегі білім беру процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі білім алушының белсенді әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімдерді, әлеуметтік және қарым-қатынас дағдыларын игеруге ғана емес, сонымен қатар білім алушының потенциалдық мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған тұлғалық сапаларына да ықпал етеді. Білім алушының белсенді танымдық әрекеті мұғалім және құрдастарымен бірлескен жағдайда тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық – бағдарланған білім беруді күшейту әртүрлі байланыста өзара қатынас кезінде авторитарлыққа жол бермей отырып, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлестігі үшін алғышарттар жасайтын оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану кезінде мүмкін болады.

8. Білім беру процесін ұйымдастыратын барлық арнайы тәсілдер шынайы заттық-тәжірибелік әрекеттің, білімдермен, әрекет тәсілдерімен белсенді алмасу жүріп жатқан кезде нақты істер мен жағдайлардың мәнмәтініндегі күнделікті қарым-қатынас жағдаяттары ретінде орташа ақыл – ой кем білім алушыларды оқытуды ұйымдастыруға бағытталған.

9. Бағдарлама аймақтық сипаттағы мәліметтерді қолдануға бағытталған бақылауларды, заттық – тәжірибелік, ойын, оқу әрекеттерін ұйымдастыру жолы арқылы танымдық және әлеуметтік жоспарда білім алушының белсенділігін дамытуға мұғалімді бағыттайды. Аталған пәнді оқыту мақсаты жетістіктерінің шеңберінде іске асырылатын оқу және тәрбиелік сипаттағы жобалық әрекет ата-анамен бірлесе отырып, мұғалімнің басшылығымен ұйымдастырылады.

10. Бағдарламада орташа ақыл-ой кем білім алушыларға жеке оқу бағдарламаларын жасау кезінде мұғалім басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін бағытталған негіз қызметін атқаратын оқыту мақсатының болжамды жүйесі қалыптасқан.

11. Орташа ақыл-ойы кем білім алушыларға арналған Бағдарлама мазмұны ұсыныстық сипатқа ие, педагог әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен ерекше білім алу қажеттіліктеріне сәйкес, оқыту мазмұны мен қарқынына кез-келген өзгерістер енгізу құқығына ие.

12. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жеке білім беру мақсатына бағынады және әрбір білім алушының жалпы іске мүмкіндігінше үлес қоса отырып, мектепте және сыныпта ұжымдық әрекетке қатысу мүмкіндігін ескереді.

13. Орташа ақыл-ойы кем білім алушыларды оқыту кең мағынада ұғынылуы тиіс және мүмкіндіктерді наз қоры байқалатын пәндік білімнің қалыптасу аясына ғана емес, сонымен қатар осы санаттағы білім алушылардың маңызды өмірлік дағдыларының қалыптасуына да жатады.

14. «Жазу, оқу және сөйлеу тілі дамыту» атты оқу пәні мынадай бөлімдерді қамтитын біріктірілген курс болып табылады: ауызша сөйлеу тілін дамыту, графомоторлы дағдылар мен жазуды, оқу элементтерін қалыптастыру.

15. Бағдарламалық мазмұн оқытудың негізгі кезеңінде, ең алдымен, білім алушылардың вербальді және вербальді емес қарым-қатынас біліктіктерін дамыту құралы ретінде көрініс табады. Оқыту сөйлеу тілінің реттеуші және қарым-қатынас қызметін дамытуға бағытталған.

16. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріндегі айтарлықтай айырмашылықтарды ескере отырып, 9-сыныптың аяғына қарай білім алушылардың бір бөлігі жеке сөздерді және қысқаша сөйлемдерді жазбаша түрде, кейде баспа әріптермен жазудың қарапайым дағдыларын меңгеретіндігі күтіледі. Басқа білім алушылар дайын мәтіннен сөздер мен сөйлемдерді көшіріп алуды үйренеді. Жазу мен оқуды меңгерудің алғышарттары қалыптаспағана білім алушылар қолжетімді қарым-қатынас жаттығуларын орындайтын болады.

17. Пәнаралық байланыс «Айналадағы әлем», «Адам және әлем», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану» пәндері арасында орнайды.

18. Орташа ақыл-ойы кем білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруға бағытталған тәсілдердің негізінде барлық әлемде айқын ақыл-ойы кем тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы пікірлер ретінде қабылданған «қалыптандырудың» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушылар түзетушілік-педагогикалық іс-шаралардың барлық жүйесін жобалаудың негізі болып табылады.

19. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде арнайы мектеп жағдайындағы орташа ақыл-ойы кем білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процестерін ұйымдастыру қағидалары қалыптасқан:

1) білім алушылардың өзінің жеке ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқында даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Осы қағиданы сақтау білім алушыны оқытудың жеке бағдарлама мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндіктерімен алдағы дамуын үнемі зерттеуді болжайды. Оқытудағы оңтайлы нәтижелер ретінде дағдыларды меңгерудегі және дамудағы кез-келген, тіпті ең аз ілгерілеушілікті мойындау;

2) педагогтың әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және тұлғалық жетістіктерін бақылау нәтижелерінің ескерілуімен бірге оларды оқытудың мазмұнын, әдістерін, түрлерін, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдауы;

3) білім алушыларда тәжірибелік әрекеттерін және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін сәйкес мектеп ортасын жасау. Білім алушылармен сабақты ұйымдастыру орны әртүрлі өмірлік жағдаяттарды көрсететін кеңістікке айналуы қарастырады. Заттық орта білім алушылардың қажеттіліктерінің өзгерісіне сәйкес ауысып отырады;

4) білім алушының мектептегі күнделікті әрекетінің біріктірілген сипаты. Оқу пәні кіріктірілген сипатқа ие;

5) әлеуметтендіру құралы ретінде ойлауды, тілді және қарым-қатынасты дамыту. Білім алушыларда әрбір нақты жағдайда педагогикалық құралдармен мүмкіндігінше орны толтырылатын сөйлеу тілінің, ойлаудың, қарым-қатынастың ерекше мәселелері орын алады. Білім алушылардың сөйлеу тілін түсінуін кеңейту, қарым-қатынастың вербальді және вербальді емес құралдарын қалыптастыру көрнекі – бейнелік ойлауын дамыту бойынша кезекті жұмыс құрылады;

6) оқу тәрбиелік процестің әлеуметтік бағыттылығы: білім алушыларды мектептен тыс күрделірек әлеуметтік ортаға енгізу.

20. Білім алушыларды жазу мен оқуға үйретуде тәжірибелік және көрнекілік әдістер жетекші орын алады. Сөздік әдістер айтарлықтай аздаған рөлге ие. Олар оқытудың көрнекілік әдістерін және білім алушылардың өзіндік әрекетін толықтырады. Мұғалім нақты жаттығулар түрлерін, тәсілдерін және сынып бөлмесінде оларды жүргізетін орынды мұқият ойластырады.

21. Сөйлеу тілін дамыту бойынша сабақтарды білім алушының көріп және естіп қабылдауын қалыптастырудан бастайды. Білім алушыларды педагогтың сөйлеу тілін тыңдауға, сөйлеушінің жүзіне назар аударуға, әңгімелесушінің жүзіне қарауға үйретуді жалғастырады.

22. Білім алушылардың сөйлеу тілін белсендіруді заттармен, көрнекілік жағдайлармен тәжірибелік әрекет барысында іске асырады. Сөйлеу тілін дамыту және қоршаған ортаны тану біртұтастықты құрайды. Білім алушылардың сөйлеу тілі тек оны қоршаған заттармен және олармен жасалатын іс-әрекеттермен бірлестікте дамиды.

23. Сабақта тілдің грамматикалық формалары мен категорияларын меңгеру және түсінуін дамыту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын меңгеру сөздік қорын молайту және сөйлеу тілінің бірлігі ретінде сөйлеммен тәжірибелік танысумен қатар жүреді.

24. Білім алушыларды сөйлеу тілінде шылауларды дұрыс қолдануды үйреткен жөн. Мұғалімнің міндеті сабақта білім алушының педагогпен және қоршағанадамдармен қарым-қатынасқа түсуді қалауын, қажеттілігін тудыратын жағдайларды жасау.

25. Білім алушылардың графомоторлы дағдыларының деңгейі жазудың тікелей үйрету үшін жеткіліксіз болып табылады. Білім алушылар қимылдардың нақты емес үйлесімділігімен және жалпы жеткіліксіздігімен ерекшелене отырып, қаламды, қарындашты дұрыс ұстай алмау, өзінің қимылдарын жолдардың шегімен шектеу, түзу сызықтарды сызу жағдайында жиі болады. Графоморлы дағдылардың қалыптасу деңгейі динамикасын бақылау қажеттілігімен, сонымен қатар осы дағдыны дамыту үшін арнайы жаттығуларды қолданумен шартталады.

26. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда графомоторлы дағдыларын және жазуын қалыптастыру бойынша жұмыс мыналарды қолдану арқылы жүргізіледі:

1) қол білектерінің ұсақ бұлшықеттерін дамытуға арналған арнайы

жаттығулар (саусақ жаттығулары). Сонымен бірге әртүрлі көмекші заттарды қолданылады, жармамен жұмыс (ұнтақ жармасына жазу, қарақұмықты елеу);

2) трафарет, сызық бойынша жүргізу, үлкен мөлшердегі әртүрлі геометриялық фигураларды нүкте бойынша қосу жаттығулары. Аталған жаттығулар тек қана ұсақ моториканы дамытуға ғана емес, сонымен қатар кеңістікте бағдарлауға бағытталған;

3) түзу, иілген, сынық сызықтардан тұратын жолдар шегінде жиектердің суреттерін салу. Білім алушыны дәптердегі жолды «көруге» үйрету – графомоторлы дағдыларды қалыптастырудың маңызды кезеңі. Әртүрлі жиектердің суретін салу жақсы шешім болып табылады;

4) әріпті еске түсіретін пішін бойынша заттың суретін салу;

5) әріп элементтерін жазу;

6) баспа мәтіннен дәптерге көшіру;

7) компьютерде жазу.

27. Білім алушыларды оқуға үйрету кезінде олардың жеке мүмкіндіктерін және сөйлеу тілінің даму деңгейін ескеретін әртүрлі әдістерді қолданады. Білім алушылардың бір бөлігі толық сөздерді оқу әдісін меңгеруге қабілетті (жаһандық оқу), кейбір білім алушылар оқуды құрылым бойынша меңгереді, оқу дағдысы қолжетімсіз болатын білім алушыларда бар.

28. Ақыл-ойы кем білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизация пікірлерімен қабылданған.

29. Орташа ақыл-ойы кем білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың пайда болған жері оның жеке бағдарламасында қалыптасқан міндеттер болып табылады.

30. Орташа ақыл-ойы кем білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасы 1-4 сынып аралығында қалыптасқан дағдылар деңгейінің ескерілуімен бірге, оның мүмкіндіктері туралы мәліметтердің негізінде құрастырылады.

31. Орташа ақыл-ойы кем білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаудың құралдары арқылы іске асырылады. Оқытудың жеке бағдарламаларын іске асырудың нәтижелерін білім беру процесі барысында мұғалім бағалайды.

32. Арнайы педагогиканың «Тексеру мен түзетушілік-дамытушылық жұмыстардың бірлігі» қағидасына сүйене отырып, педагогтар бақылаушы бағалау әрекеттерін жүйелі іске асырады.

33. Бағалау әрекеттері білім алушылардың қызметін бақылау, оқыту мен тәрбиелеудің жеке міндеттерімен салыстыра отырып, олардың қызметінің өнімдерін зерттеу болып табылады.

34. Орташа ақыл-ойы кем білім алушылардың жетістіктерін бағалау шаралары келесі кезектілікке ие:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдылар деңгейін шамалап бағалау;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымдық бағалау. Білім

алушының сабақтағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы іске асырылады;

3) аралық бағалау алғашқы жарты жылдық аяқталғанда іске асырылады. Жетістіктерді қорытынды бағалау оқы жылының аяқталуы бойынша іске асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес біліктіліктер мен дағдылардың қалыптасу жетістіктері туралы бағалау мәліметтері жеке бағдарламада белгіленеді.

35. Жеке бағдарламада білім алушының детістіктерін сипаттау кезінде білім алушының оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын меңгеруінің дербестілік деңгейі міндетті түрде көрсетіледі.

### 3 - тарау. «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

36. «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрайды.

37. Оқу – тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін санитарлы-гигиеналық ережелерді ескере отырып, сыныптар сәйкесінше мектеп құралдарымен жабдықталады.

38. Сыныптағы жиһаз әртүрлі жұмыс түрлері (ойындар және басқа да белсенді әдістер) мен тәсілдерін (жеке, жұптық, топтық) жүргізу үшін жеңіл қозғалады. Кітап сөрелері, білім алушылардың жұмыстарына арналған көрме стендтері және көрнекілік құралдар үшін орынды қарастырады.

39. «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің мазмұны үш бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Ауызша сөйлеу тілін дамыту»;
- 2) 2-бөлім «Графомоторлы дағдылар мен жазуды дамыту»;
- 3) 3-бөлім «Оқу элементтері».

40. Бағдарламаның мазмұнын бөлімдерге бөлу шартты түрде болып табылады. Сөйлеу тілін дамыту, жазу мен оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс өзара тығыз байланыста жүргізіледі.

41. 5-сыныпқа арналған «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

- 1) дыбыстар және әріптер:

барлық меңгерілген әріптер мен дыбыстарды қайталау және бекіту. Жаңа дыбыстар мен әріптер: «Е, Я, Ю, Ц, Ч, Щ, Ф, Э, Ъ» дыбыстарды тәжірибелік ажырату;

жаңа жазба және баспа әріптерін жазуды меңгеру. Меңгерілген әріптерді

баспа және жазба түрде жазуға жаттығу (тақтаға және дәптерге). Жазба және баспа әріптерін сәйкестендіруге арналған жаттығулар;

2) сөз:

меңгерілген дыбыстары бар сөздерді оқу;

сөздерді буынға және буындарды дыбыстарға бөлу;

мұғалімнің сұрақтары бойынша мына тақырыптарға сөйлемдер құрастыру: «Отбасы», «Мектеп», «Біздің көше»;

өзіндік әрекетке, сюжеттік суретке сүйене отырып, заттардың кеңістіктік қатынастарын білдіретін «жанында», «артында», «үстінде», «астында» шылауларымен сөйлемдер құрастыру;

3) сөйлем:

сөйлемдерді сөздерге бөлу. Екі сөзден құралған сөйлемдерді және сөздерді тақтадан, оқулықтан көшіріп жазу;

жазба үлгілерінен сөздер мен сөйлемдерді көшіріп жазу;

заттық әрекеттер, сюжеттік суреттер бойынша қысқаша сөйлемдер құрастыру;

кесте бойынша сөйлемдерді оқу;

екі немесе ода да көп дауысты дыбыстар қатар келген буындар мен сөздерді оқу;

меңгерілген тәсілдер арқылы сөйлемдер мен қысқаша мәтіндерді оқу;

мұғалімнің сұрақтары бойынша оқылған мәтіннің түсінігін айту;

суреттерге 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрау. Құрастырылған сөйлемдерді оқу;

қысқаша тақпақтарды жаттау.

42. 6-сыныпқа арналған «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыстар мен әріптер:

сөздегі дыбыстар мен әріптердің сәйкес келуі;

дыбыстар, оларды негізгі белгілері бойынша ажырату: дауыстың бар болуы немесе жоқ болуы;

бейнеленуі ұқсас әріптерді жазуда ажырату; бір әріп арқылы ерекшеленетін сөздерді ажырату. Бірдей элементтердің саны (И-Ш), элементтердің бірінің бар болуы немесе болмауы (Г-П), бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді салыстыру;

2) сөздер:

«Е, Ё, Я, Ю» әріптері бар сөздер. Дауыстылардың ызың дыбыстармен тіркесу: жи-ши, ча-ща, чу-щу;

жазу техникасын жетілдіру: нұсқау бойынша жазбаша жаттығуларды орындау. Жазба және баспа мәтіндерінен көшіріп жазудағы жаттығулар. Айтылуы жазылуымен сәйкес біріккен сөздерді жатқа жазу;

заттардың атауын білдіретін сөздермен тәжірибелік танысу, оларды сөйлеу тілінде бөліп көрсете алу, «Кім?», «Не?» сұрақтары бойынша ажырату. «Кім?», «Не?» сұрақтары бойынша заттарды атау және оларды ажырату,

мұғалімнің берген тақырыптарына «Кім?», «Не?» сұрақтарына жауап беретін сөздері іріктеудегі жаттығулар. Бір затты және бірнеше бірдей заттарды атау;

адамның атындағы, тегіндегі, жануарлардың лақап атындағы бас әріп. Ұғымдарды ажырату: затты және адам мен жануардың атын атау. Зат атауларын және адамдарға ат таңдаудағы жаттығулар;

3) сөйлемдер:

сөйлем басындағы бас әріп. Сөйлем соңындағы нүкте.

43. 7-сыныпқа арналған «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыстар және әріптер:

сөздегі дыбыс пен әріптің сәйкес келуі;

дыбыстар мен әріптерді ажырату;

ысқырық және ызың дауыссыздар, аффрикаттар. «Р-Л» оларды ажырату;

бейнеленуі ұқсас әріптер, оларды ажырату;

«Е, Ё, Ю, Я» әріптері бар сөздер;

«И, Й» әріптері бар сөздер, оларды ажырату;

2) сөздер:

сөздерді буындарға бөлу. Жазу кезінде буындар бойынша сөздерді тасымалдау;

сөздер - заттардың атауы. Заттардың атауы және оларды сұрақтар бойынша ажырату. заттарды атау және оларды «Кім?», «Не?» сұрақтары бойынша ажырату, мұғалімнің берген тақырыптарына «Кім?», «Не?» сұрақтарына жауап беретін сөздері іріктеудегі жаттығулар. Бір затты және бірнеше бірдей заттарды атау;

адамның атындағы, тегіндегі, жануарлардың лақап атындағы бас әріп. Жалқы есімдер (ұғымдарды кеңейту: қала, өзен, теңіз атаулары);

сөздер – әрекет атаулары. «Не істейді?» сұрағы бойынша заттардың әрекетін атау. Заттың атауын, іс-әрекетін білдіретін сәйкес сөздер таңдау. Сөз тіркестерін құрау;

жазба және баспа мәтіндерін дұрыс көшіріп жазу біліктіліктерін бекіту (тұтас және тастап кеткен әріптерді қою);

сөздерді жатқа жазу;

3) сөйлем:

мәтіннен табу немесе берілген тақырыпқа тірек сөздер, сурет, сұрақтар, заттық әрекеттер бойынша сөйлемдер құрастыру. Меңгерілген тәсіл арқылы сөйлемдерді жазу. Сөйлемдегі сөздердің бұзылған реттілігін қалыпқа келтіре алу;

қарапайым әңгімелерді және ертігілерді драматизациялау, диалогтарға, әңгімелесуге қатысу.

44. 8-сыныпқа арналған «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дыбыстар және әріптер:

бейнеленуі бойынша ұқсас әріптерді ажырату;



сөздің немесе буынның басындағы «Е, Ё, Ю, Я» дауыстылары;  
 ұяң және қатаң дауыссыздар, оларды ажырату. Ұяң және қатаң жұп дауыссыздар. Олардың айтылуындағы ұқсастық және айырмашылық;

ысқырық және ызың дауыссыздар. Дауыстылардың ызың дауыссыздармен тіркесуі. Аталған сөздегі дыбыстар мен әріптердің сәйкес еместігі «ЖИ, ШИ, ЧА, ЩА, ЧУ, ЩУ» буындарының жазылуы;

2) сөз:

екпін. Сөзде екпін түсетін дауыстыларды бақылау. Сөзде екпін түсетін дауыстыларды ести алу және дауыс арқылы белгілеу жаттығулары;

сөздер –зат атаулары. Заттарды атау және сұрақ бойынша ажырату. Заттарды атау және Кім? Не? сұрақтары бойынша ажырату. Мұғалімнің берген тақырыптарына «Кім?», «Не?» сұрақтарына жауап беретін сөздері іріктеудегі жаттығулар. Бір затты және бірнеше бірдей заттарды атау;

адамның атындағы, тегіндегі, жануарлардың лақап атындағы бас әріп. Жалқы есімдер (ұғымдарды кеңейту: қала, өзен, теңіз атаулары);

сөздер – әрекет атаулары. «Не істеді?» сұрағы бойынша заттардың әрекетін атау. Заттың атауын, іс-әрекетін білдіретін сәйкес сөздер таңдау.

заттарды білдіретін сөздермен бірге әрекетті білдіретін сөздерді қиысыуы;

сөздер – сұрақтар бойынша аталған заттың белгілерін атау: Қандай? Қай? Сұрақтар бойынша сөйлемдегі сөздердің аталған санатын бөліп көрсету. заттарды білдіретін сөздермен бірге әрекетті білдіретін сөздерді қиысыуы;

сюжеттік суреттерге сүйене отырып, заттық іс-әрекет бойынша әртүрлі сөз тіркестерін құрастырудағы жаттығулар;

шылау. Шылаулардың сөздерден бөлек жазылуы;

3) сөйлем:

сөйлем сөйлеу тілінің бірлігі ретінде;

мәтіннен сөйлемді бөгілеу. Сөйлемдердің графикалық бейнеленуі.

сөйлемнің басындағы бас әріп және соңындағы нүкте;

жай сөйлемнің құрылымы, заттық әрекетке, сюжеттік суретке сүйене отырып, жай сөйлемді аяқтау;

сұрақ бойынша сөйлем құрастыру; сюжеттік суреттердің серияларына арналған жазбаларды таңдау. Сюжеттік суретке, бақыланатын күнделікті тұрмыстағы жағдайға шағын әңгіме құрау.

45. 9-сыныпқа арналған «Жазу, оқу және сөйлеу тілін дамыту» оқу пәнінің базалық мазмұны

1) дыбыстар және әріптер:

6-8 сыныптарда алынған білім, біліктілік пен дағдыларды бекіту;

дауысты және дауыссыз дыбыстар. Дауысты дыбыстардың буын құраудағы рөлі. Сөздерді буындарға бөлу;

сөздің басындағы «Е, Ё, Ю, Я» дауыстылары;

ұяң және қатаң жұп дауыссыздар, оларды ажырату. Сөз соңындағы ұяң және қатаң жұп дауыссыздар. Олардың айтылуындағы ұқсастық пен

айырмашылық;

2) сөз:

екпін;

сөздер – заттардың атауы. Оларды сұрақтар бойынша ажырату. Осы сөздердің түрлеріне тәуелсіз сөйлемде сөздерді– заттардың атауларын бөліп көрсету;

адамның атындағы, тегіндегі, жануарлардың лақап атындағы бас әріп. Жалқы есімдер (ұғымдарды кеңейту: қала, өзен, теңіз атаулары);

сөздер – әрекет атаулары. Сұрақтар бойынша заттардың іс-әрекет сөздерін ажырату: «Не істейді?», «Не істеді?», «Не қылды?»;

сұрақтар бойынша заттарды білдіретін сөздермен бірге әрекетті білдіретін сөздерді қиыстыру;

сөздер – зат белгілерінің атауы. Сұрақтар бойынша сөйлемде аталған санаттағы сөздерді бөліп көрсету және оларды заттарды білдіретін сөздермен тіркестіру;

шылау. Шылаулардың сөздерден бөлек жазылуы;

заттар мен әрекеттерді білдіретін сөздер туралы білім алушылардың білімдерін кеңейту. Сұрақтар бойынша заттың сынын білдіретін сөздер: «Қандай?», «Қай?»;

3) сөйлем:

сөйлемдегі сөздердің реттілігі;

сөздер керекті формада көрсетілген түрлендірілген сөйлемдерге арналған жаттығулар;

сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру;

телефон арқылы әңгімелесудегі, дүкендегі, көліктегі, көшедегі диалогтағы жүйелі жаттығулар.

46. Мәліметтерді сыныптар бойынша бөлу үлгілік сипатқа ие. Білім алушылардың Бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінен оқу мәліметтерін меңгеруі түрлі жетістікте жүзеге асырылады. Мұғалімге Бағдарламаның әртүрлі бөліміндегі мәліметтерді меңгеру кезектілігін өз бетінше анықтауға, оны күрделендіруге немесе жеңілдетуге, дағдының қалыптасуына қажетті уақыт кезеңін анықтауға құқық беріледі.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

47. Бағдарламада әр бөлімнің оқу мәліметтерін меңгерудің мазмұны мен кезектілігін анықтау үшін негіз болып табылатын оқыту мақсатының жүйесі қалыптасқан. Оқыту мақсаттарының жүйесі мұғалімге білім алушылардың таным процестерін басқаруға, мәліметтерді меңгеруді кезекті бақылауды іске асыруға, оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

48. Оқыту мақсаттарын қолданудың және бақылауды жүргізудің қолайлығы үшін Бағдарламада кодтама енгізілген. Кодтағы бірінші сан

сыныпты, екінші және үшінші сан –бөлім мен бөлімшені білдіреді, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 5.1.1.4 кодтамасында: «5» сынып, «1.1» - бөлімше, «4» - оқыту мақсатының нөмірленуі.

1) «Сөйлеу тілін дамыту»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Нақты заттар мен әрекеттерді танытау	5.1.1.1 қоршаған болмыстағы заттарды атау және танытау (сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес)	6.1.1.1 қоршаған болмыстағы заттарды атау және танытау (сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес)	7.1.1.1 қоршаған болмыстағы заттарды атау және танытау (сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес)	8.1.1.1 қоршаған болмыстағы заттарды атау және танытау (сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес)	9.1.1.1 қоршаған болмыстағы заттарды атау және танытау (сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес)
1.2 Педагогтың нұсқауы бойынша қарапайым тапсырмаларын орындау	5.1.2.1 педогогқа еліктеу бойынша 1 іс-әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау (бірлескен әрекеттерді қолдану арқылы)	6.1.2.1 жесттерді қолдану арқылы педогогтың көрсетуі бойынша 1-2 іс-әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау	7.1.2.1 сөздік нұсқау бойынша 1-2 іс-әрекеттен тұратын қарапайым тапсырманы орындау	8.1.2.1 2-4 кезекті іс-әрекеттен тұратын сөздік нұсқау, есте сақтау бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау	9.1.2.1 2-4 кезекті іс-әрекеттен тұратын сөздік нұсқау, есте сақтау бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау
1.3 Балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын	5.1.3.1 балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын буындық тізбектерді,	6.1.3.1 балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын буындық тізбектерді,	7.1.3.1 балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын буындық тізбектерді,	8.1.3.1 балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын буындық тізбектерді,	9.1.3.1 балалар әндерінің танысу әуендеріне дыбысталуы бойынша жақын буындық тізбектерді

буындық тізбектерді, сөздерді әндету	сөздерді әндету	сөздерді әндету	сөздерді әндету	сөздерді әндету	, сөздерді әндету
1.4 Өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру	5.1.4.1 кез-келген қолжетімді тәсілдер арқылы өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру (жесттерді қолдану, заттар мен әрекеттерді, сөздер мен сөйлемдерді көрсету арқылы )	6.1.4.1 кез-келген қолжетімді тәсілдер арқылы өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру (жесттерді қолдану, заттар мен әрекеттерді , сөздер мен сөйлемдерді көрсету арқылы )	7.1.4.1 кез-келген қолжетімді тәсілдер арқылы өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру (жесттерді қолдану, заттар мен әрекеттерді, сөздер мен сөйлемдерді көрсету арқылы )	8.1.4.1 кез-келген қолжетімді тәсілдер арқылы өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру (жесттерді қолдану, заттар мен әрекеттерді, сөздер мен сөйлемдерді көрсету арқылы)	9.1.4.1 кез-келген қолжетімді тәсілдер арқылы өзінің өтініштері мен қалауларын білдіру (жесттерді қолдану, заттар мен әрекеттерді, сөздер мен сөйлемдерді көрсету арқылы)
1.5 Қарым-қатынас кезінде ымды қолдану тәжірибесін кеңейту	5.1.5.1 физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты өтініштері мен қалауларды көрсету үшін ымды қолдану	6.1.5.1 әдептілік көріністері ретінде ымды қолдану: «Рахмет», «Өтінемін» , «Кешіріңіз »	7.1.5.1 тұрмыстық міндеттерді бірлесіп шешу кезінде құрдастары мен және ересектермен қарым-қатынаста ымды қолдану	8.1.5.1 оқу міндеттерін бірлесіп шешу кезінде құрдастары мен және ересектермен қарым-қатынаста ымды қолдану	9.1.5.1 оқу міндеттерін бірлесіп шешу кезінде құрдастары мен және ересектермен қарым-қатынаста ымды қолдану
1.6 Әңгімелеуге қатысу	5.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып,	6.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып,	7.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып,	8.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып,	9.1.6.1 сұрақтарға жауап бере отырып,

	әңгімелесуге қатысу (жесттерді, сөздерді, сөйлемдерді қолдану арқылы)	әңгімелесуге қатысу (жесттерді, сөздерді, сөйлемдерді қолдану арқылы), педагогқа еліктеу бойынша жауап (реплика) құрастыру	әңгімелесуге қатысу (ымды, сөздерді, сөйлемдерді қолдану арқылы), үлгі бойынша жауап (реплика) құрастыру	әңгімелесуге қатысу (ымды, сөздерді, сөйлемдерді қолдану арқылы), өз бетінше жауаптарды құрастыру	әңгімелесуге қатысу (ымды, сөздерді, сөйлемдерді қолдану арқылы), өз бетінше жауаптарды құрастыру
1.7 Орындалған әрекеттер жөнінде есеп	5.1.7.1 ымды қолдану және заттарды көрсету арқылы орындалған әрекеттер жөнінде есеп беру	6.1.7.1 жеке сөздерді қолдану арқылы орындалған әрекеттер жөнінде есеп беру	7.1.7.1 педагогтың сұрақтары бойынша 2-3 іс-әрекетті құрайтын орындалған тапсырмалар жөнінде есеп беру	8.1.7.1 бірнеше іс-әрекетті құрайтын орындалған тапсырмалар жөнінде өз бетінше есеп беру	8.1.7.1 бірнеше іс-әрекетті құрайтын орындалған тапсырмалар жөнінде өз бетінше есеп беру
1.8 Суретте бейнеленген таныс заттарды атау және тану	5.1.8.1 нұсқаушы жесттермен сөздерді қолдану арқылы суретте бейнеленген заттарды атау және тану	6.1.8.1 нұсқаушы ыммен сөздерді қолдану арқылы суретте бейнеленген заттарды атау және тану	7.1.8.1 нұсқаушы ыммен сөздерді қолдану арқылы суретте бейнеленген заттарды атау және тану	8.1.8.1 нұсқаушы ыммен сөздерді қолдану арқылы суретте бейнеленген заттарды атау және тану	9.1.8.1 нұсқаушы ыммен сөздерді қолдану арқылы суретте бейнеленген заттарды атау және тану
1.9 Жағдаяттық суреттерде бейнеленген іс-әрекетте	5.1.9.1 педагогқа еліктеу бойынша және жағдаяттық суреттерде бейнеленген	6.1.9.1 жағдаяттық суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерге еліктеу, іс-әрекеттерге	7.1.9.1 жағдаяттық суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерге еліктеу, іс-әрекеттерге	8.1.9.1 жағдаяттық суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерге еліктеу, іс-әрекеттерге	9.1.9.1 жағдаяттық суреттерде бейнеленген іс-әрекеттерге еліктеу,

преліктеу	н іс-әрекеттерге еліктеу	орындауға сәйкес суреттерді табу	орындауға сәйкес суреттерді табу	орындауға сәйкес суреттерді табу, орындалған әрекет жөнінде сөздік есеп беру	іс-әрекеттерге орындауға сәйкес суреттерді табу, орындалған әрекет жөнінде сөздік есеп беру
1.10 Сюжеттік суреттерді сипаттау	5.1.10.1 сюжеттік суреттер(2-3) жұптарын тану және құрастыру	6.1.10.1 сюжеттік суретте (2-4) бейнеленген заттармен оқиғаларды атау және тану	7.1.10.1 педагогтың сұрақтары бойынша сюжеттік суреттер (3-5) серияларын құрастыру	8.1.10сюжеттік суреттер (3-5) серияларын құрастыру, бейнеленген оқиғалар жөнінде әңгімелеу	9.1.10сюжеттік суреттер (4-6) серияларын құрастыру, бейнеленген оқиғалар жөнінде әңгімелеу
1.11 Мұғалімнің ауызша баяндауындағы әңгімелер мен ертегілерді тыңдауы	5.1.11.1 драматизация мен иллюстрацияларды қолдану арқылы қысқаша тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау	6.1.11.1 қысқаша тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, драматизацияға сүйене отырып, тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	7.1.11.1 қысқаша тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, иллюстрацияға сүйене отырып, тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	8.1.11.1 қысқаша тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	9.1.11.1 қысқаша тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдау, тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру
1.12 Мұғалім	5.1.12.1 драматизация	6.1.12.1 драматизация	7.1.12.1 драматизация	8.1.12.1 драматизация	9.1.12.1 драматизация

нің сөздеріне н тақпақтарды, қысқаша диалогтарды жаттау	ияны, қимыл-қозғалысты, иллюстрацияны қолдану арқылы педагогтан кейін қайталай отырып, 4 қатардан тұратын тақпақтарды айту	ияны, қимыл-қозғалысты, иллюстрацияны қолдану арқылы педагогтан кейін қайталай отырып, 4 қатардан тұратын тақпақтарды айту	ияны, қимыл-қозғалысты, иллюстрацияны қолдану арқылы есте сақтау бойынша 4 қатардан тұратын тақпақтарды айту	ияны, қимыл-қозғалысты, иллюстрацияны қолдану арқылы есте сақтау бойынша 4-6 қатардан көп тұратын тақпақтарды айту	ияны, қимыл-қозғалысты, иллюстрацияны қолдану арқылы есте сақтау бойынша 4-6 қатардан көп тұратын тақпақтарды айту
1.13 Сюжеттерді және меңгерілген ертегілер лексикасын қолдану арқылы ойын - драматизациялар	5.1.13.1 таныс ертегілер ойындраматизацияларына қатысу, әрекеттерді орындау және рөлге сәйкес сөздік, сөзсіз құралдарды қолдану	6.1.13.1 таныс ертегілер ойындраматизацияларына қатысу, әрекеттерді орындау және рөлге сәйкес сөздік, сөзсіз құралдарды қолдану	7.1.13.1 таныс ертегілер ойындраматизацияларына қатысу, әрекеттерді орындау және рөлге сәйкес сөздік, сөзсіз құралдарды қолдану	8.1.13.1 таныс ертегілер ойындраматизацияларына қатысу, әрекеттерді орындау және рөлге сәйкес сөздік, сөзсіз құралдарды қолдану	9.1.13.1 таныс ертегілер ойындраматизацияларына қатысу, әрекеттерді орындау және рөлге сәйкес сөздік, сөзсіз құралдарды қолдану
1.14 Ертегі желісі бойынша әңгімелеу	5.1.14.1 иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, таныс ертегіні мұғаліммен бірге әңгімелеу	6.1.14.1 иллюстрацияларға сүйене отырып және мұғалімінің сұрақтары бойынша таныс ертегіні	7.1.4.1 драматизацияға сүйене отырып, ертегінің мазмұнын әңгімелеу	8.1.14.1 ертегі иллюстрацияларының сериясына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын әңгімелеу	9.1.14.1 ертегі иллюстрацияларының сериясына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын әңгімелеу

		әңгімелеу			
--	--	-----------	--	--	--

2) «Графомоторлы дағдылар мен жазуды дамыту»:

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Қол білектерінің ұсақ бұлшықеттерін дамыту (саусақ жаттығуы)	5.2.1.1 қол саусақтарын бүгу және жазуды орындау, педагогқа еліктеу бойынша әртүрді позицияда қол саусақтарын жинау	6.2.1.1 қол саусақтарын бүгу және жазуды орындау, педагогқа еліктеу бойынша әртүрді позицияда қол саусақтарын жинау	7.2.1.1 қол саусақтары н бүгу және жазуды орындау, белгілі бір ырғақта, қарқында, өлеңдер мен тақпақтардың сүйемелдеуі мен педагогқа еліктеу бойынша әртүрді позицияда қол саусақтары н жинау	8.2.1.1 қол саусақтары н бүгу және жазуды орындау, белгілі бір ырғақта, қарқында, өлеңдер мен тақпақтардың сүйемелдеуі мен педагогқа еліктеу бойынша әртүрді позицияда қол саусақтары н жинау	9.2.1.1 қол саусақтары н бүгу және жазуды орындау, белгілі бір ырғақта, қарқында, өлеңдер мен тақпақтардың сүйемелдеуі мен педагогқа еліктеу бойынша әртүрді позицияда қол саусақтары н жинау
2.2 Таяқша немесе қағаз жолақтарының түсі мен көлемі бойынша таңдау және топтастыру	5.2.2.1 таяқша немесе қағаз жолақтарының (1-5 таяқша ) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) мен көлемі (ұзын-қысқа) бойынша	6.2.2.1 таяқша немесе қағаз жолақтарының (1-5 таяқша ) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) мен көлемі (ұзын-қысқа) бойынша	7.2.2.1 таяқша немесе қағаз жолақтарының (1-5 таяқша ) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) мен көлемі (ұзын-қысқа-орташа)	8.2.2.1 таяқша немесе қағаз жолақтарының (1-5 таяқша ) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) мен көлемі (ұзын-қысқа-орташа)	9.2.2.1 таяқша немесе қағаз жолақтарының (1-5 таяқша ) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) мен көлемі (ұзын-қысқа-орташа)



	таңдау және топтастыру	таңдау және топтастыру	бойынша таңдау және топтастыру	бойынша таңдау және топтастыру	бойынша таңдау және топтастыру
2.3 Әріп элементтері мен әріптерді таяқшалардан басқа материалдардан құрастыру	5.2.3.1 педагог әрекетіне еліктеу бойынша әріп элементтерін таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан құрастыру	6.2.3.1 үлгі және есте сақтау бойынша әріп элементтерін таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан құрастыру	7.2.3.1 әріптің графикалық бейнесін үлгі бойынша таяқшадан, платилиннен, қамырдан, сымнан құрастыру	8.2.3.1 әріптің графикалық бейнесін әріптің атауы және есте сақтау бойынша таяқшадан, платилиннен, қамырдан, сымнан құрастыру	9.2.3.1 әріптің графикалық бейнесін әріптің атауы және есте сақтау бойынша таяқшадан, платилиннен, қамырдан, сымнан құрастыру
2.4 Кең жол шеңберінде сурет салу	5.2.4.1 жұмысты сол жақтан оң жаққа қарай жүргізіп отырып, жиектердің кең жол шеңберінде әртүрлі фигураларды және оның элементтерін салу	6.2.4.1 жұмысты сол жақтан оң жаққа қарай жүргізіп отырып, жиектердің кең жол шеңберінде әртүрлі фигураларды және оның элементтерін салу	7.2.4.1 жұмысты сол жақтан оң жаққа қарай жүргізіп отырып, жиектердің кең жол шеңберінде әртүрлі фигураларды және оның элементтерін салу	8.2.4.1 жұмысты сол жақтан оң жаққа қарай жүргізіп отырып, жиектердің кең жол шеңберінде әртүрлі фигураларды және оның элементтерін салу	9.2.4.1 жұмысты сол жақтан оң жаққа қарай жүргізіп отырып, жиектердің кең жол шеңберінде әртүрлі фигураларды және оның элементтерін салу
2.5 Үлгі, трафарет бойынша әріптерді жүргізіп	5.2.5.1 педагогтың көмегімен таныс	6.2.5.1 педагогтың көмегімен таныс	7.2.5.1 таныс әріптердің үлгісін, трафаретін	8.2.5.1 таныс әріптердің үлгісін, трафаретін	9.2.5.1 таныс әріптердің үлгісін, трафаретін

шығу	әріптердің үлгісін, трафаретін жүргізіп шығу 5.2.5.2 жүргізіп шыққаннан кейін әріптерді атау 5.2.5.3 пайда болған әріптер бейнесін түрлі түсті қарындаштармен штрихтау	әріптердің үлгісін, трафаретін жүргізіп шығу 6.2.5.2 жүргізіп шыққаннан кейін әріптерді атау 6.2.5.3 пайда болған әріптер бейнесін түрлі түсті қарындаштармен штрихтау	жүргізіп шығу 7.2.5.2 жүргізіп шыққанға дейін әріпті атау 7.2.5.3 пайда болған әріптер бейнесін түрлі түсті қарындаштармен штрихтау	жүргізіп шығу 8.2.5.2 жүргізіп шыққанға дейін әріпті атау 8.2.5.3 пайда болған әріптер бейнесін түрлі түсті қарындаштармен штрихтау	жүргізіп шығу 9.2.5.2 жүргізіп шыққанға дейін әріпті атау 9.2.5.3 пайда болған әріптер бейнесін түрлі түсті қарындаштармен штрихтау
2.6 Әріптер мен сөздерді контур және нүктелер бойынша жүргізіп шығу	5.2.6.1 дайын қарындаштық контур, нүктелер, көрсету бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін жүргізіп шығу	6.2.6.1 дайын қарындаштық контур, нүктелер бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін жүргізіп шығу	7.2.6.1 дайын қарындаштық контур, нүктелер бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін жүргізіп шығу 7.2.6.2 бірінің үстіне бірі қойылған әріпті тану	8.2.6.1 дайын қарындаштық контур, нүктелер бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін жүргізіп шығу	9.2.6.1 дайын қарындаштық контур, нүктелер бойынша таныс әріптердің графикалық бейнесін жүргізіп шығу
2.7 Әріптердің графикалық бейнесін	5.2.7.1 көру үлгісі бойынша басқа 3-5 әріптердің ішінен	6.2.7.1 атауы бойынша басқа 3-5 әріптердің ішінен	7.2.7.1 үлгіге сүйене отырып, суреттен әріпті табу	8.2.7.1 әріптерді жазуды аяқтау	9.2.7.1 әріптерді жазуды аяқтау

тану	берілген әріпті таңдау	берілген әріпті таңдау			
2.8 Әріп элементтерін жазу	5.2.8.1 А4 форматын дағы сызықты қағазға әріп элементтерін қарындашпен жазу	6.2.8.1 А4 форматын дағы сызықты қағазға әріп элементтерін қарындашпен жазу	7.2.8.1 А4 форматындағы сызықты қағазға әріп элементтерін қарындашпен жазу	8.2.8.1 дәптерге қарындашпен әріп элементтерін жазу 4.2.8.2 дәптердегі жұмыс кезектілігін түсіну (солдан оңға қарай жазу, жұмыс қатары, жиектер)	9.2.8.1 дәптерге қарындашпен әріп элементтерін жазу 4.2.8.2 дәптердегі жұмыс кезектілігін түсіну (солдан оңға қарай жазу, жұмыс қатары, жиектер)
2.9 Әріптерді, буындарды, сөздерді жазу	5.2.9.1 педагогқа еліктеу бойынша әріптерді жазу (жазба немесе баспа түрде)	6.2.9.1 үлгі бойынша әріптерді жазу(жазба немесе баспа түрде) 6.2.7.2 көрсету бойынша буындар мен сөздерді жазу	7.2.9.1 атауы бойынша әріптерді жазу(жазба немесе баспа түрде) 7.2.7.2 үлгі бойынша буындар мен сөздерді жазу	8.2.9.1 өзінің таңдауы бойынша әріптерді, буындарды және сөздерді жазу 8.2.9.2 өзінің атын, тегін, жақын адамдарын ың, сыныптастарының атын жазу 8.2.9.3 заттық суреттердің атауларын жазу	9.2.9.1 өзінің таңдауы бойынша әріптерді, буындарды және сөздерді жазу 9.2.9.2 өзінің атын, тегін, жақын адамдарын ың, сыныптастарының атын жазу 9.2.9.3 заттық суреттердің атауларын жазу

2.10 Кеспелі әліппедегі әріптерден сөздер құрау	5.2.10.1 кеспелі әліппедегі әріптерден көрсету бойынша бір буынды сөздер құрау	6.2.10.1 кеспелі әліппедегі әріптерден үлгі бойынша 2-3 буыннан тұратын сөздер құрау	7.2.10.1 кеспелі әліппедегі әріптерден үлгі бойынша 3 және одан да көп буыннан тұратын сөздер құрау	8.2.10.1 кеспелі әліппедегі әріптерден өз бетінше сөздер құрау	9.2.10.1 кеспелі әліппедегі әріптерден өз бетінше сөздер құрау
2.11 Жазба және баспа мәтіндері нен көшіріп жазу	5.2.11.1 таныс заттардың үлгілеріне баспа, жазба бейнелерд ен сөз- жазбалард ы көшіріп жазу	6.2.11.1 заттық суретке баспа, жазба бейнелерд ен сөз- жазбалард ы көшіріп жазу	7.2.11.1 баспа, жазба үлгілерінен сөз тіркестіріп көшіріп жазу (жағдаятты қ суретке жазба)	8.2.11.1 баспа, жазба үлгілерінен сюжеттік суретке шағын мәтінді көшіріп жазу	9.2.11.1 баспа, жазба үлгілерінен сюжеттік суретке шағын мәтінді көшіріп жазу
2.12 Компьютерде теру	5.2.12.1 өз есімін компьютер де теру	6.2.12.1 өзінің, жақындар ының есімін, таныс заттардың атауын компьютер де теру	7.2.12.1 өзінің, жақындары ның есімін, таныс заттардың, әрекеттерді ң атауын компьютерд е теру	8.2.12.1 өзінің, жақындары ның есімін, таныс заттардың, әрекеттерді ң және белгілердің атауын компьютерд е теру	9.2.12.1 өзінің, жақындары ның есімін, таныс заттардың, әрекеттерді ң және белгілердің атауын компьютерд е теру

3) «Оқу элементтері»:  
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

3.1 Қоршаған болмыстағы дыбыстарды ажырату	5.3.1.1 ойындармен заттық іс-әрекеттерде сөзсіз дыбыстарды ажырату; 5.3.1.2 дыбысты шығу көзімен сәйкестендіру	6.3.1.1 дыбыстарды дыбысталу күші бойынша ажырату (қатты, әлсіз)	7.3.1.2 қоршаған болмыстағы дыбыстарға еліктеу	8.3.1.1 сөздік немесе сөзсіз дыбыстарды ажырату	9.3.1.1 сөздік немесе сөзсіз дыбыстарды ажырату
3.2 Дыбысқа еліктеушілікті ажырату	5.3.2.1 мұғалімге еліктеу бойынша құстардың, жануарлардың дауысына еліктеу және олардың дауысын тану	6.3.2.1 заттық суреттерге сүйене отырып, құстардың, жануарлардың дауысына елікте	7.3.2.1 сөздік нұсқау бойынша құстардың, жануарлардың дауысына еліктеу	8.3.2.1 суреттегі жануардың бейнесін оның жазып алынған дауысымен сәйкестендіру	9.3.2.1 суреттегі жануардың бейнесін оның жазып алынған дауысымен сәйкестендіру
3.3 Дауысты дыбыстарды әндету	5.3.4.1 үлгі бойынша сәйкес әріптермен дауысты дыбыстарды сәйкестендіру	6.3.4.1 үлгі бойынша сәйкес әріптермен дауысты дыбыстарды сәйкестендіру	7.3.4.1 үлгі бойынша сәйкес әріптермен дауысты дыбыстарды сәйкестендіру	8.3.4.1 көрсетілген әріптерге сәйкес дауысты дыбыстарды әндету	9.3.4.1 көрсетілген әріптерге сәйкес дауысты дыбыстарды әндету
3.4 Сөздерді басқа сөздер қатарына	5.3.4.1 сөзді қағаз жолағының шартты белгісімен	6.3.4.1 сөзді қағаз жолағының шартты белгісімен	7.3.4.1 сөзді қағаз жолағының шартты белгісімен	8.3.4.1 сөзді қағаз жолағының шартты белгісімен	9.3.4.1 сөзді қағаз жолағының шартты белгісімен

н бөліп көрсету	белгілеу	белгілеу	белгілеу	белгілеу	белгілеу
3.5 Сөздерді буындап айту	5.3.5.1 сөздердің мағынасын түсіну: «сөз бөлшектер і»	6.3.5.1 сөздердің мағынасын түсіну: «сөз бөлшектер »	7.3.5.2 сөздердің мағынасын түсіну: «сөз бөлшектері »	8.3.5.1 сөздік нұсқау бойынша сөздерді бөліктерге бөлу	9.3.5.1 сөздік нұсқау бойынша сөздерді бөліктерге бөлу
3.6 Сөйлемде рді құрастыр у және айту	5.3.6.1 мұғалім сұрақтары ның көмегімен жағдаятты қ суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру; 5.3.6.2 «сөйлем» терминінің мағынасын түсіну	6.3.6.1 мұғалім сұрақтары ның көмегімен жағдаятты қ суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру; 6.3.6.2 «сөйлем» терминінің мағынасын түсіну	7.3.6.1 мұғалім сұрақтарын ың көмегімен жағдаяттық суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру; 7.3.6.2 «сөйлем» терминінің мағынасын түсіну	8.3.6.1 мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша жеке тәжірибесін е сүйене отырып, сюжеттік суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру; 8.3.6.2 сөйлемді ұзын жолақшаны ң шартты белгісімен белгілеу 8.3.6.3 ұзын және қысқа жолақтарды ң артты белгілерін қолдану арқылы үлгілу көмегімен сөйлемдегі сөздердің санын	9.3.6.1 мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша жеке тәжірибесін е сүйене отырып, сюжеттік суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру; 9.3.6.2 сөйлемді ұзын жолақшаны ң шартты белгісімен белгілеу 9.3.6.3 ұзын және қысқа жолақтарды ң артты белгілерін қолдану арқылы үлгілу көмегімен сөйлемдегі сөздердің санын

				анықтау. Сөздердің санын сөзбен жолақшаны н өзара сәйкестігін орнату тәсілі арқылы анықтау (қайта санаусыз)	анықтау. Сөздердің санын сөзбен жолақшаны н өзара сәйкестігін орнату тәсілі арқылы анықтау (қайта санаусыз)
3.7 Сөз аясында дыбысты бөліп көрсету	5.3.7.1 сөзді өз бетінше ұзақ айту кезінде ондағы бірінші дыбысты атау және бөліп көрсету	6.3.7.1 сөзді өз бетінше ұзақ айту кезінде ондағы бірінші дыбысты атау және бөліп көрсету	7.3.7.1 атауы берілген дыбыстан басталатын 2-3 заттық суреттерді таңдау	8.3.7.1 берілген дыбыстан басталатын сөздерді өз бетіне атау	9.3.7.1 берілген дыбыстан басталатын сөздерді өз бетіне атау
3.8 Көру бейнесін тану және буындард ы оқу	5.3.8.1 эртүрлі күрделілік деңгейінде гі буындық кестені оқу	6.3.8.1 эртүрлі күрделілік деңгейінде гі буындық кестені оқу	7.3.8.1 эртүрлі күрделілік деңгейінде гі буындық кестені оқу	8.3.8.1 өз бетімен буындарды құрау жіне оқу	9.3.8.1 өз бетімен буындарды құрау жіне оқу
3.9 Тұтас бейнелер ді тану және оқу	5.3.9.1 таныс буындарда н сөз құрау және оларды оқу; 5.3.9.2 сөздің бейнесін	6.3.9.1 таныс буындарда н сөз құрау және оларды оқу; 6.3.9.2 оқылған сөздерді заттық	7.3.9.1 буынды сөзге дейін толықтыру және оны оқу; 7.3.9.2 оқылған сөздерді заттық суреттерме	8.3.9.1 таныс және даңа сөздерді ыңғайлы тәсіл арқылы оқу; 8.3.9.2 оқылған сөздерді заттық	9.3.9.1 таныс және даңа сөздерді ыңғайлы тәсіл арқылы оқу; 9.3.9.2 оқылған сөздерді заттық

	оны білдіретін затпен сәйкестендіру	суреттермен сәйкестендіру	н сәйкестендіру	суреттермен сәйкестендіру	суреттермен сәйкестендіру
3.10 Сөйлемдерді, мәтіндерді оқу	5.3.10.1 мұғаліммен бірге, хормен 2-3 сөздерден тұратын сөйлемдерді оқу; 5.3.10.2 2-3 сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен сәйкестендіру; 5.3.10.3 суреттерге сүйене отырып, оқылған мәтінге қойылған сұрақтарға жауап беру	6.3.10.1 мұғалім оқығаннан кейін 2-3 сөздерден тұратын сөйлемдерді оқу, оқығанын сюжеттік суреттермен сәйкестендіру; 6.3.10.2 2-3 сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен сәйкестендіру; 6.3.10.3 суреттерге сүйене отырып, оқылған мәтінге қойылған сұрақтарға жауап беру	7.3.10.1 сөйлемдерді кезекті оқу арқылы алдында оқылғандардың қатарынан жеткіліксіз сөздерді сөйлемдерге қою; 7.3.10.2 2-3 сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен сәйкестендіру; 7.3.10.3 суреттерге сүйене отырып, оқылған мәтінге қойылған сұрақтарға жауап беру	8.3.10.1 оқылған сөздерден сөйлем құрастыру; 8.3.10.2 2-3 сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен сәйкестендіру; 8.3.10.3 суреттерге сүйене отырып, оқылған мәтінге қойылған сұрақтарға жауап беру	9.3.10.1 оқылған сөздерден сөйлем құрастыру; 9.3.10.2 2-3 сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқу. Оларды суреттермен сәйкестендіру; 9.3.10.3 суреттерге сүйене отырып, оқылған мәтінге қойылған сұрақтарға жауап беру



49. Мұғалім тоқсан бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауды сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктерін және жеке оқыту бағдарламалары мазмұнын ескере отырып өз бетінше орындайды.